1. «Qazatrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам Жарғысының 7-бабы 7.1-тармағының 9-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Директорлар кеңесінің құзыретін, жұмысын ұйымдастыруды, қызметін бағалауды, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен сайлау тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар:

Қоғам – «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы»;

Заң – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы;

Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі атынан қоғамның жоғары органы;

Жарғы – Қоғамның құрылтай құжаты;

Директорлар кеңесі – заңмен және қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

3. Директорлар кеңесі өз қызметінде Заңды, Қоғамның Жарғысын, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2-тарау. Директорлар кеңесінің құзыреті

4. Егер Заңда және (немесе) қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Бас директордың лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

8) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшерін, шарттарын айқындау;

9) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

10) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

13) Қоғамның басқа заңды тұлғалары акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

14) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

16) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді Жалғыз акционер Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

18) Заңда және Қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5. Директорлар кеңесінің Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне және Қоғамның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы

жоқ.

3-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің:

1) Директорлар кеңесін шақыру туралы талап қоюға;
2) Директорлар кеңесі қарайтын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін айтуға (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өз көзқарасын жазбаша нысанда баяндауға құқылы (ерекше пікір);

3) Директорлар кеңесінің және атқарушы органның жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мақсатында Директорлар кеңесінің қарауына ұсыныстар енгізуге;

4) Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша атқарушы органнан сұратулар жіберуге және ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ ішкі аудит қызметінен өз құқықтарын іске асыру және міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;

5) Директорлар кеңесінің төрағасын жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де құқықтарға құқығы бар.

7. Директорлар Кеңесінің мүшесі міндетті:

1) Қоғамға қатысты өзін дұрыс ұстауға;

2) Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін хабардар ету, ашықтық негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

3) Корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығаруға;

4) өзі дербес немесе өзінің үлесті тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акцияларды немесе үлестерді иеленетін заңды тұлғалар туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

5) Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға;

6) Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатысуының мүмкін еместігі туралы Директорлар кеңесінің төрағасын не атқарушы органды алдын ала хабардар етуге;

7) өзіне белгілі, құпия сипаты бар не коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді, оның ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде жария етпеуге;

8) өзінің үлестілігі және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;

9) өзінің мүдделілігі бар шешімдер қабылдау мәселелері бойынша дауыс бермеуге;

10) қоғаммен байланысты мәмілелерге, шарттарға, жобаларға кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға міндетті.

8. Тәуелсіз директорларға олардың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ шығыстар өтемақысын төлеу шарттарын Жалғыз акционер айқындауы мүмкін.

4-тарау. Директорлар кеңесін сайлау, құрамы және өкілеттіктерінің мерзімі

9. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның мүшелерін сайлауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша :алғыз акционер айқындайды.

10. Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

11. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлардың саны директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

12. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен, қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында қызмет қайта тағы үш жылға дейінгі мерзімге рұқсат етіледі.

13. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қарауға жатады.

14. Бір адамға Қоғамның Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астамға сайланбау ұсынылады. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе Жалғыз акционер айқындаған өзге мерзімде, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізіледі.

15. Бірде-бір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

16. Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде:

- 1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) еңбек өтілі;

4) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;

5) бағыттар мен салалар (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін) бойынша құзыреттерінің болуы;

6) іскерлік беделі;

7) тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады.

17. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында белгіленеді.

18. Қоғамның бас директорынан басқа қызметкерлері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

19. Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің өкілі (-дері), мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі, Қоғамның бас директоры, тәуелсіз директорлар кіреді.

20. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

21. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

22. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталысымен бір мезгілде аяқталады.

23. Директорлар кеңесінің құрамы Қоғамның мүддесінде және Жалғыз акционерге әділ қатынасты ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерін теңдестірілген үйлестіру жолымен шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді (жалғыз акционердің өкілі (өкілдері), мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі, тәуелсіз директорлар, қоғамның Бас директоры).

24. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе сақтап қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға сайланбайды. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны

мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе сақтап қою туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

5-тарау. Директорлар кеңесінің төрағасы

25. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

26. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасау үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер және Қоғамның атқарушы органы арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.

27. Директорлар Кеңесі төрағасының негізгі функциялары:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуға шоғырландыруды қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу нәтижелілігін талқылау, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылаулар жасауға ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы қамтамасыз ету;

5) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде Жалғыз акционермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Жалғыз акционермен тиісінше коммуникация және өзара іс-қимыл жасау;

6) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету;

7) Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және ұйым қызметіне теріс әсерді азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерді уақтылы хабардар ету.

28. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6-тарау. Корпоративтік хатшы

29. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

30. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның атқарушы органынан тәуелсіз болады.

31. Корпоративтік хатшы өз қызметін функциялары, құқықтары мен міндеттері, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, біліктілік талаптары және басқа да ақпарат көрсетілген Директорлар кеңесі бекітетін ереже негізінде жүзеге асырады.

7-тарау. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

32. Директорлар кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстарды өткізу кестесін қамтитын, күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

33. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады.

34. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің жоспардан тыс отырыстарын өткізуге рұқсат етіледі.

35. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу мерзімділігі жылына кемінде алты отырысты құрайды.

Мүқият және толыққанды талқылау мен уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл бойы қарау үшін жоспарланған мәселелер біркелкі бөлінеді.

36. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғамның Бас директорының бастамасы бойынша не Қоғамның талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің.

37. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылатын күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберуі арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғамның атқарушы органына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

38. Директорлар кеңесінің отырысы директорлар кеңесін шақыру туралы талап қойған тұлғаны отырысқа міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

39. Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғамның аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Қоғамның ішкі аудит қызметінің аудитору, Қоғамның қызметкерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар шақырылуы мүмкін.

40. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер Қоғамның жарғысында өзге мерзімдер белгіленбесе, кемінде он күнтізбелік күн бұрын, ал Қоғамның жарғысында айқындалатын неғұрлым маңызды мәселелер бойынша кемінде он бес жұмыс күні бұрын жіберіледі.

41. Маңызды мәселелер тізбесіне Қоғамның даму жоспары, Қоғамның атқарушы органының басшысы үшін қызметтің түйінді көрсеткіштері (индикаторлары), жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу кіреді.

42. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімі бұзылып берілген мәселелер енгізілмейді. Күн тәртібіне мәселелер мерзімдерді бұза отырып енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі беріледі. Күн тәртібіне мерзімдерді бұза отырып мәселелерді енгізуге байланысты мән-жайлар Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде ескеріледі.

43. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі, сондай-ақ көзбе-көз отырысты өткізу кезінде, Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмаған жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсінік қамтылуы тиіс. Хабарламаға міндетті түрде күн тәртібінің мәселелері бойынша түсіндірме жазба мен материалдар қоса берілуі тиіс.

44. Егер Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар байланыстың техникалық құралдарын (бейнеконференция сеансы, телефон конференц-байланысы және т.б. режимінде) пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға, сондай-ақ күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын көрсетілген жазбаша хабарлама (пікір) беруге құқылы.

45. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша хабарламасы (пікірі) Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар Кеңесінің Төрағасына не Корпоративтік хатшыға жіберілуі мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша хабарлама (пікір) кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыс хаттамасына тігіледі.

47. Директорлар кеңесі толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттар сапасының жоғары болуы (оның ішінде қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі мүшелерінің тілді меңгеруіне байланысты басқа тілдерге аудару);

2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу. Сарапшыларды тарту Директорлар кеңесінен қабылданған шешім үшін жауапкершілікті алып тастамайды;

3) директорлар Кеңесіндегі талқылауларға, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін бөлінетін уақыт;

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде одан әрі іс-қимыл жоспары, мерзімдері және жауапты тұлғалардың болуы көзделеді.

48. Мынадай факторлар Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына кері әсер етеді:

1) отырыста бір немесе бірнеше директордың үстемдігі, бұл басқа директорлардың талқылауларына толыққанды қатысуын шектеуі мүмкін;

2) тәуекелдерге формальды көзқарас;

3) жеке мүдделерді қудалау және этикалық нашар стандарттар;

4) Директорлар кеңесінің отырысында нақты және белсенді талқылауларсыз шешім қабылдау;

5) ымырасыздық позициясы (ікемділіктің болмауы) немесе дамуға ұмтылудың болмауы (ағымдағы жағдаймен қамтамасыз ету);

6) ұйымдастыру мәдениетінің әлсіздігі;

7) ақпараттың және/немесе талдаудың жетіспеушілігі.

49. Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті қосымша ақпаратты сұрата алады.

50. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесінің және Комитеттің отырыстарына қатысады. Осы нормадан ауытқуға Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылатын ерекше жағдайларда ғана жол беріледі.

51. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Жарғысында анықталады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы болуы тиіс.

52. Директорлар кеңесінің отырысындағы шешімдер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында немесе Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін айқындайтын оның ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

53. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қоғамның жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

54. Директорлар Кеңесі шешім қабылдаған кезде директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы Директорлар Кеңесінің төрағасына тиесілі болады.

55. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

56. Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерге тексеру жүргізе алады. Шешім және оны қабылдау процесі талданады. Бұрын қабылданған шешімдерді тексеру Директорлар кеңесі өз қызметіне бағалау жүргізген кезде жүргізіледі.

57. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдерін Корпоративтік хатшы хаттама түрінде мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ресімдейді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға және Корпоративтік хатшы қол қоюы, сондай-ақ отырыс өткізілген күннен бастап үш күннен кешіктірмей қоғамның мөрімен бекітілуі тиіс.

Директорлар Кеңесінің шешімінде:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа (сырттай дауыс беруге) қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі (сырттай дауыс беру);
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

58. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімін Корпоративтік хатшы мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жазбаша түрде ресімдейді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға және Корпоративтік хатшы қол қоюы, сондай-ақ қоғамның мөрімен бекітілуі тиіс.

59. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша сұрауы бойынша танысу үшін Корпоративтік хатшының қолымен және Қоғамның мөр бедерімен расталған Директорлар кеңесі отырысының (сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешім) хаттамасының көшірмесін және (немесе) үзінді көшірмесін ұсынады.

8-тарау. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу тәртібі

60. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған

мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

9-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершіліктері

61. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері Жалғыз акционер мен Қоғамның алдында олардың іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залал үшін, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауаптылықта болады:

- 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
- 3) Қоғамның теріс пиғылды іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлесті тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) алуы мақсатында зияндардың туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуға ұсыныстар және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдау.

62. Директорлар кеңесінің мүшелері, егер олар шешімге қарсы дауыс берсе немесе Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан дауыс беруге қатыспаса, жауапты болмайды.

63. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде заңнамада белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесінің мүшесіне оның Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

10-тарау. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

64. Директорлар кеңесі мен оның мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

65. Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімі мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

66. Бағалау нәтижелері Жалғыз акционердің директорлар Кеңесінің барлық құрамын немесе оның жеке мүшесін қайта сайлауына, Директорлар кеңесінің құрамын және директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарауына негіз болып табылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері қызметінің нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен консультациялар жүргізеді.

11-тарау. Қорытынды

67. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу :алғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

68. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғам Жарғысының өзгеруі нәтижесінде Ереженің жекелеген шарттары оларға қайшы келсе, онда Ереженің мұндай шарттары күшін жояды және Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның жарғысын басшылыққа алады.

Согласовано

21.09.2020 14:18 Жумадильдинова Галия Абдубахытовна

Подписано

21.09.2020 16:25 Султанов Бахыт Турлыханович

Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан - Жумадильдинова Г.А.